

## Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішті жасау ережелерін бекіту туралы (312.00-нысан)

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 352 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2486. Күші жойылды - ҚР Салық комитеті төрағасының 2004.05.27.N 254 бұйрығымен. V042912

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 249-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішті жасау ережелері (312.00-нысан) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Әдістеме басқармасы (Ж.С.Есмағамбетова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының орынбасары Н.Д. Үсеноваға ж ү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

### *Төраға*

"Импортталатын тауарларға  
қосылған құн салығын төлеу  
мерзімін өзгерту туралы  
Өтінішті жасау ережелерін  
бекіту туралы (312.00-нысан)"  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Салық  
комитеті Төрағасының  
2003 жылғы 5 қыркүйектегі  
N 352 бұйрығымен бекітілген

## **Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімдерін өзгерту туралы өтінішті жасау ережелері (312.00-нысан)**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішті жасау тәртібін айқындайды. Өтініш бір шарт (келісім-шарт) бойынша импортталатын тауарлардың әрбір жеткізіліміне жасалады.

2. Өтініш Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтініштің (312.00-нысан) (бұдан әрі - Өтініш) өзінен және Шикізаттар мен материалдардың сипаттамасынан (Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішке қосымша) (312.01-нысан) (осы Ережелерге қосымша) тұрады.

### **3. Өтінішті жасау кезінде:**

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) магнит тасығышта - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 04.12.2001 жылғы N 1646 бұйрығымен бекітілген Электр ондық құжаттармен алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісім (009.02-нысан) шегінде толтырылады.

4. Өтінішті толтыру кезінде барлық жолдар толтырылуы тиіс, түзетуге, өшіруге, тазалауға жол берілмейді.

5. Өтінішке Салық кодексінің 69-бабына сәйкес қол қойылады және куәландырылады.

6. Өтініш салық органдарына қара-ақ пішімде беріледі.

### **7. Өтінішті беру кезінде:**

1) қағаз тасығышта келу тәртібінде екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен ҚҚС төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламамен қағаз тасығышта почта бойынша - салық төлеуші тапсырысты хатпен байланыстың почта немесе өзге ұйымының хабарламасын а л а д ы .

8. Өтінішке ҚҚС төлеуші тауарларды жеткізуге шарттың (келісім-шарттың) көшірмесін қоса береді.

### **2. Өтінішті жасау (312.00-нысан)**

#### **(Өтінішті жасау ережелеріне қосымша)**

9. "Өтініш" бөлімінде ҚҚС төлеуші мынадай деректер көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

2) Өтініш жасалған күн;

3) құрылтай құжаттарына сәйкес ҚҚС төлеушінің аты-жөні немесе толық атауы;

4) ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы мен нөмірі;

5) ҚҚС төлеу мерзімі өзгертілген кезең.

10. "Импортталатын тауарлар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 6-жолда импортталатын тауарлардың түрі көрсетіледі. Бұл ретте, егер импортталатын тауарлар өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған шикізат немесе материалдар болып табылса, Өтінішке қосымшаны міндетті түрде толтыру қажет;

2) 7-жолда тауарлар жеткізуге шарттың (келісім-шарттың) деректемелері көрсетіледі:

А - нөмірі;

В - жасалған күні;

С - импортталатын тауарларды жеткізушінің атауы;

Д - инкорпорация елінде салық төлеушінің коды немесе бар болған кезде оның баламасы;

Е - валютаның әріптік коды;

Ғ - аталған валютадағы шарттың (келісім-шарттың) құны;

3) 8-жолда импортталатын тауарлар жеткізілімінің теңгедегі құны көрсетіледі;

4) 9-жолда тауарларды импорттау кезінде төлеуге жататын ҚҚС-ның теңгедегі сомасы көрсетіледі;

5) 10-жолда импортталатын тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыру болжанған күн (ай, жыл) көрсетіледі;

6) 11-жолда тауарларды жіберу елі көрсетіледі:

А - тауарлар жіберілетін елдің цифрлық коды. Елдің коды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен белгіленген әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес толтырылады;

В - егер әлем елдерінің жіктеуішінде қажетті код болмаса, онда тауарлар жіберілетін елдің толық атауы көрсетіледі;

7) 12-жолда импортталатын тауарларды ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының коды көрсетіледі. Кеден органының коды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен белгіленген, кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы кеден органдарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

**3. Шикізаттар мен материалдардың сипаттамасы - 312.01-нысанын жасау**

11. 312.01 нысаны өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін арналған шикізаттар мен материалдарды импорттауды жүзеге асыратын ҚҚС төлеушімен толтырылады.

12. Ағымдағы беттің нөмірі көрсетіледі.

13. "Қосылған құн салығын төлеуші туралы мәліметтер" бөлімінде салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

14. "Қайта өңдеу өнімі" бөлімінде:

А - Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының (бұдан әрі - СЭҚ ТН) коды;

В - өндіру мақсатында шикізаттар мен материалдардың импорты жүзеге асырылған қайта өңдеу өнімінің атауы көрсетіледі.

15. "Шикізаттар мен материалдардың тізбесі" бөлімінде:

А - СЭҚ ТН коды;

В - санаттар мен сұрыптар бойынша бөлмей, қайта өңдеу өнімін өндіру үшін импортталатын шикізаттар мен материалдардың атауы көрсетіледі.

Н ы с а н 3 1 2 . 0 0 Б е т . 0 1

И м п о р т т а л а т ы н та у а р л а р ғ а

қ о с ы л ғ а н қ ұ н с а л ы ғ ы н

т ө л е у м е р з і м і н ө з г е р т у

т у р а л ы ө т і н і ш т і ж а с а у

ережелеріне қосымша

**Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтініш**

Осы нысанды жасау Ережелерін оқыңыз

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПА ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

Б ө л і м .    Ө т і н і ш

Қазақстан Республикасы салық кодексінің 249-бабына сәйкес импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу өзгерту туралы шешім шығарып беруіңізді өтінемін

1 СТН \_\_\_\_\_ 2 Өтініш жасалған күн \_\_\_\_\_  
Сандармен күн, ай, жыл

3 Қ Қ С т ө л е у ш і н і ң  
аты-жөні немесе атауы \_\_\_\_\_

4 ҚҚС бойынша куәліктің сериясы мен нөмірі \_\_\_\_\_ 5 ҚҚС төлеу мерзімін \_\_\_\_\_ Кезеңіне

Бөлім. Импортталатын тауарлар туралы мәліметтер

6 Импортталатын тауарлар түрі (Тиісті X ұяшықта көрсетіңіз)  
**A** Өндірістік  **B** Су  **C** Газ  **D** Электр энергиясы   
 қ а й т а ө н д е у г е  
 а р н а л ғ а н  
 ш и к і з а т п е н

материалдар

Егер "6А" белгіленсе, өтінішке Қосымшаны толтыру қажет

7 Шарттың (келісім-шарт) деректемелері: **A** Нөмірі \_\_\_\_\_  
**B** Жасасу күні \_\_\_\_\_ **C** Жеткізушінің атауы \_\_\_\_\_  
 С а н д а р м е н к ү н , а й , ж ы л  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

**D** Инкорпорация еліндегі салық  
 төлеушінің коды немесе  
 оның баламасы (болған кезде) \_\_\_\_\_

**E** Шарт (келісім-шарт) валютасының коды \_\_\_\_\_ **F** Көрсетілген млрд. млн. мың  
 валютадағы \_\_\_\_\_  
 ш а р т ( к е л і с і м -  
 ш а р т ) к ү н ы

8 Импортталатын тауарлардың млрд. млн. мың теңгемен жеткізу құны, \_\_\_\_\_ импорттау \_\_\_\_\_  
 т е ң г е м е н к е з і н д е  
 т ө л е у г е  
 ж а т а т ы н Қ Қ С  
 сомасы

10 Импорттың (кедендік ресімдеудің) болжалды күні \_\_\_\_\_  
 С а н д а р м е н а й , ж ы л

11 Тауарды жөнелткен ел  
**A** Елдің коды \_\_\_\_\_ **B** \_\_\_\_\_  
 (Елдердің Егер елдердің анықтамасы жоқ болса,  
 анықтамасын елдің толық атауын көрсетіңіз  
 қараңыз)

12 Импортталатын тауарларды  
 к е д е н д і к р е с і м д е у д і

жүзеге асырған кеден  
органының коды \_ \_ \_ \_ \_

Өтінішке шарттың (келісім-шарттың) көшірмелерін қоса беріп отырмын

Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ  
/\_\_\_\_\_/ |  
Басшысының аты-жөні Қолы |  
\_\_\_\_\_  
М.О.

Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ | Өтінішті \_\_\_\_\_  
/\_\_\_\_\_/ | салық Сандармен  
Өтінішті қабылдаған лауазымды Қолы | органында күн, ай,  
тұлғаның аты-жөні | қабылдаған жыл  
\_\_\_\_\_ күн

Құжаттың \_\_\_\_\_ Салық \_\_\_\_\_ Почта \_\_\_\_\_  
кіріс \_\_\_\_\_ органының \_\_\_\_\_ штемпелінің \_\_\_\_\_  
нөмірі \_\_\_\_\_ коды \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ жыл  
(Өтінішті \_\_\_\_\_  
почтамен \_\_\_\_\_  
берген \_\_\_\_\_  
жағдайда \_\_\_\_\_  
толтыры.

лады)

Ш.О.

Н ы с а н 3 1 2 . 0 1

А ғ ы м д а ғ ы б е т т і ң

нөмірін көрсетіңіз

**ШИКІЗАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ**  
(Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішке қосымша)

Осы нысанды жасау Ережелерін оқыңыз.

Н **АЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен,  
БАСПА ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім. Қосылған құн салығын төлеуші туралы мәліметтер

1

Бөлім. Шикізаттар мен материалдардың тізбесі

А СЭҚ ТН коды	В Шикізаттар мен материалдардың атауы
-----	_____
-----	_____
-----	_____
-----	_____
-----	_____
-----	_____
-----	_____
-----	_____
-----	_____
-----	_____

Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ

Осы нысанды толтырған лауазымды	/_____	/
тұлғаның аты - жөні		Қолы
_____		